

АЛАШТЫҢ АЗАМАТЫ

Міне, дүние жүзіндегі халықтардың көбі соғысқа кірісіп, қанға боялып, шаруасы күйзелгеніне екі жыл толып, үшіншіге айналды. Бұл сұрапыл соғыстың жуан ортасында өзіміз қараған Россия мемлекеті тұрғандығын білесіңдер. Россияда әскерлік қызметін өтейтін халықтардың үй басы неше адамнан майданда қару ұстап, қан төгіп, біреу жалғызынан, біреу аяулысынан айырылып, шаруа болса күйзеліп, қатын-бала, кемпір-шалдың көз жасы көлдей болып отыр. Бірақ жаудан жеңілсек, көретін күніміз бұдан да қараң деп, Отанын қорғауға амалсыз көніп отыр. Сол екі жылдан бері біздің халық мал шығыны болмаса, бас шығынын көрген жоқ еді. Бірақ бір шырпыдан тұтанған от өртке айналып, маңайын шарпып, жалынын бізге де тигізді. Отан қорғау ісіне көмегі тиер деп, бізді жұмысқа шақырған жарлық шықты. Бұл соғыстың ылаңын ешкім тілеп алмаған шығар, біздің де көрейік деген күніміз бұл емес еді. Бірақ «басқа келген пәледен, бастан құлақ садаға», елден алабөтен аман қаламыз деуге бола ма? Отандастарымыз – орыс халқы, діндес-қандастарымыз – ноғай халқы һәм сондай сыбайлас жұрттар отына күйіп жатқанда, жалынына біздің шарпылмай қалуымыз қиын көрінеді. Біз бас аман қыламыз десек, «сенің жаның кімнен аяулы еді, мемлекет басына келген жақсылық-жамандық бәрімізге бірдей ортақ емес пе?» деп басқалар айтпай ма? Бұған біз не дейміз, мұнан біз қайтып құтыламыз?

Ал ойламаған жерден жұрт басына мұндай іс, мұндай ауыртпалық түсті, мұны қалай қыламыз, қалай атқарамыз, ендігі ойлайтын нәрсе осы. Біздің жұртқа айтатынымыз: бұған көнбеске болмайды, мұны бұрын да сан рет айттық. Көнбейміз деушінің сүйенгені жан тәттілік болса, салыстырып қаралық: көнгенге жұртқа қандай ауырлық бар, көнбегенде қандай ауырлық бар? Көнгенде – шаруаға кемшілік те келер, барған жігіт қазаға да, бейнетке де ұшырар, бірақ елдің іргесі бұзылмас. (Қазаға ұшырар деп ауру-сырқаудан болған қазаны айтамыз, әйтпесе солдат қылып алмайды, соғыстан өлмейді). Көнбегенде көретін ауырлық – бағынып тұрған һүкіметтің жарлығынан бас тартсақ, жау жағадан алғанда, бас қорғап үйде қаламыз деп, мемлекетке қамшымыздың ұшын бермесек, һүкімет бізге құр өкпелеп қоймас, күш жұмсар, оны күшті законге сүйеніп істер. Мұндай мысалдар болып тұрған жоқ па? Бірлі-жарым болыс, писарлары өлген елдерге әскер шығарылды, басшы кісілері абақтыға жабылды, сотқа байланды, мәселен, Торғай, Орал облыстарында. Арыз айтқан адамдар таяқ жеді, тұтқын болды, қорлық көрді, мәселен, Ақмола, Жетісу облысында. Хакімдер қайда қарсылық қылды деген елдердің адамдарын атты, «қазақ айыптымен» қорқытып ала бастады, мәселен, Қостанай үйезінде. Қазақ шын қарсылық қылатын болса, ел-елге отряд шығады. Отряд шықса, елдің берекесі кетеді, бас пен малға әлегі бірдей тиеді, елдің іргесі бұзылады. Айтқанда тез көне қоймадың, қарсылық қылдың деп, Түркістан уалаятына военное положение иғлан етілді. Военное положение иғлан етілген жерде түймедей жазыққа түйедей жаза болады. Қарсылық белгісін көрсетсек, Түркістанға болған военное положение өзге елге де болмай қалмайды.

Міне, біздің екі ауырлық дейтініміз осы. Бірі – барса шаруаға кемшілік келіп, алынған жігіттер аз қазаға, бейнетке ұшырағаны, екіншісі – бармаймын деп қарсылық қылса, елге келетін зор бүліншілік. Осы екі ауырлықтың жұрт қай жеңілін таңдауы керек. Біздің білуімізше жеңілі – көнген.

Ал енді, көнгенде не істеу керек? Ел басшысы адамдар әділдікпен списокті өздері түзеп беруі қажет. Мынау жақсы, мынау жаман, мынау бай, мынау кедей деп бұрылмай, сатылмай, дұрыстықпен іс қылу керек. Бұл іске қулық-сұмдық кіргізу, алалықты, партиялықты қосу зияннан басқа түк пайда бермейді. Ерікті өздеріңе бергенде, дұрыстап іс қыла алмасаңдар, hükіметке соңынан өкпелеуге болмайды.

Список шатақ екеніне көзі жетіп отырған хакімдер, қазақ өзі дұрыстықпен список түзеп тапсырамын десе, рұқсат берер.

Екінші істейтін нәрсе – көніп отырып сұрайтын кеңшілік, льгота. Бұларды толымды, сыйымды дәлелмен hükіметтен сұрау керек. Бірақ мұндайда біздің қазақ петерборшыл болатын әдеті. Бұл іс туралы Петерборға шабудан пайда жоқ, онда барып сөз тыңдату қиын. «Бүлінген елден бүлдіргі алма» деген, ел басына мұндай ауыр іс түскенде, кімде-кім жырым жегендік қылмау керек, өз пайдасын қою керек. Бұл іске ақшаның, адвокаттың түк пайдасы жоқ.

Біз естиміз, елдің көбі бұл істің жаласын ауылнай, болыстарға аударып, список бермей отыр дейді, бұлары – қате. Болыс пен ауылнайда ерік жоқ, бұйырды – орындады. Бірақ болыс, ауылнайлар да орынсыз басып-жаншып кетем демей, халықты шиелендірмей, ақша алып, біреуді құтқарам, біреуді жіберем демей, дұрыстықпен қызметін атқару керек. Бұл жұмыстан ақшамен сатылып қаламын деушілер де болмасын, жұрттың бәрі ақшамен қалуға болмайды, бұл елге жақсы үлгі емес, не көрсе де елмен бірдей көру лайық.

Міне, жұртқа тегіс кеңшілік берілді. 15 сентябрьге дейін қазақтан кісі алынбайтын болды. Енді жұрт шошынбай, желікпей шаруаға қайтып, егін-пішенін, басқа тіршілік жабдығын үлгертіп алу керек. Ат үстінде сенделіп жүргеннен пайда жоқ. Қатын-баланың да қамын ойлаңдар!

Ал енді дүние бұл күйінде тұрмас, бұл соғыс та бітер. Сол кезде әркім қызметін бағалар. Сонда еккен де жоқ, сепкен де жоқтар сыбағаға ортақ бола алмас. Теңдікке ортақ болайық десек, осы бастан түбін ойлауымыз керек. Алмақтың да салмағы бар.

Әлихан, Ахмет, Міржақып

«Қазақ», 1916 ж., №192 // М. Дулатұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. – А., 2003 ж. 2 Т., 275-278 бб.

ТОРҒАЙ ҒӘМ ЫРҒЫЗ ҮЙЕЗІНІҢ ХАЛҚЫНА

Өздеріңе мағлұм Россия қол астындағы әскерлік қызметінен азат халықтарды, оның ішінде біздің қазақ халқын соғыс жұмысына алуға 25 июньде патша жарлығы шыққаннан бері бес ай өтті. Содан бері бұл халықтардың көбі көніп, кісілерін берді. Бірсыпыра халықтар, мәселен,

Түркістан сарттары, әуелгі кезде шошынып, «бізді жұмысқа алмайды, солдатқа алады» деп, көнбей қарсылық қылды. Бұл қарсылық қылғандарды аз күннің ішінде әскер шығып, қырғынға ұшыратты. Жизақ деген шаһардың 20 мың халқы жоқ болды, тірі қалғандары босып кетті, мал-мүлік, шаруадан айырылды. Жетім-жесір шулап қалды, жер-суы қазынаға кетті. Сөйткенмен бұл Түркістан халқы да патшаның құрығынан құтыла алмай, ақырында көнді, жігіттерін берді. Жетісуға қараған қырғыз халқы да көнбейміз деп, тау-тасқа, сай-салаға паналап қашты. Ақырында, бұлар да бүліншілікке ұшырап, қырғын тауып, бұл күнде көніп жатыр. Бұл елдердің бүлік басшылары военный сотқа беріліп, асылды, атылды. Осы алғашқы кезде көнбей жанжал шығарған Түркістан сарттары һәм Жетісу қырғыздарынан алынған жігіттер бұл күнде Орынбор арқылы өтіп жатыр. Ақмола, Семей облыстарының кейбір үйездеріндегі қазақтар шошынып қашқан екен, елге әскер шығып, күш жұмсайтынын көрген соң, текке қор болмалық, қатын-баланың көз жасына қалмалық, жазықсыз қан төктірмелік, бәрібір құтыла алмаспыз деп, олардың да көнгендігі бізге анық мағлұм.

Міне, біздің Торғай һәм Ырғыз үйездерінен 15-20 октябрьден бастап кісі алынбақшы еді, жастары келмейді. Сондықтан елге неше мың әскер зеңбірек, пулеметпен шығып тұр. Жақсылықпен көнбесеңдер, «патша жарлығына мойынсұнбағандық, законге қарсылық», – деп күш жұмсамақ. Бұл – анық. Көнбесеңдер Жетісу, Жизақтың күні сендердің бастарыңа туады: қырғын болады, босқа қан төгіледі, шаруа күйзеледі, жұрттың жұрттығы, берекесі кетеді. Оның үстіне, әскер көндірмей, алмай қоймайды. Қатын-бала бір қырылады, қария жігіт екі алынады, бүлік басшылары военный сотқа беріледі, асылады, атылады.

Бұл хатты жазушы біздер – өз балаларың, өз тумаларың, жанымыз ашиды, қабырғамыз қайысады. Біздің ата-ана, туған-туысқандарымыз іштеріңде. Бізді қазақ баласы, қанына тартады, жаны ашиды десеңдер, тіл алыңдар: қан төкпеңдер, қарсылық қылмаңдар! Алынатын жастар басын қорғаймын деп, үйдегі шал-кемпір, қатын-баланың обалына қалмасын! Бізді орысша оқып, орыс арасында жүр, біздің пайдамызды айтпас деп ойлайтындарың бізді Құдай мен аруаққа тапсырыңдар! Біз газет арқылы болсын, ауызша да болсын, бұрын сан рет айтқанбыз, «көнбесеңдер елге бүліншілік болады, әскер шығады, түбінде алмай қоймайды» дегенбіз. Сол айтқанымыз, міне, келді. Бұған біздің көзіміз бұрыннан жеткен. Әлде болса да, бізді осы елдің баласы екен дейтін болсаңдар, біздің ең соңғы қысылғандығы ақылымызды тыңдаңдар. Түбінде іс өткен соң, өкінгеннен пайда жоқ, өлген тірілмейді, өшкен келмейді.

Біз естиміз: «Бұл жұмысшылар шепке ұсталады, қатерлі жерлерге барады, бір кеткен соң тірі қайту жоқ, одан да өз жерімізде өлеміз» деген ел арасына лақап, қорқыныш тараған, бұл бекер. Басқа облыстардан, һәттә өзіміздің көрші Қостанай, Ақтөбе үйездерінен алынған жігіттердің барған жерінен хат келіп, оларды елдерінен шығарып салған басшылары да бізге ауызекі жолығып тұр. Ондай қорқыныш жоқ, жай-күйлері жақсы, бекер қорыққан екенбіз деседі. Ал, халық, біздің бар айтарымыз осы. Желікпеңдер, қор

болмаңдар! Құдайдың жазғанын, патшаның жарлығын екі етпендер! Ел иесі жақсылар, ақсақалдар, түсінікті жастар! Ойланыңдар, түсінбегендерге тоқтау болыңдар, жұрттың обалына, көз жасына қалып жүрмеңдер! Әркімнің ниет-көңілі бір Аллаға аян, бізге сеніңдер! Біз білгенімізді айттық, борышымыздан құтылды! «Көре-біле тұрып айтпады, бізді отқа салды» деп жүрмеңдер!

А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы,
М. Тұнғаншин және С. Қадырбаев.
*«Қазақ», 1916 ж., №207. // М. Дулатұлы.
Бес томдық шығармалар жинағы. –
А., 2003 ж. 2 Т., 283-285 бб. 88*

ТАРИХИ ЖЫЛ

Дүние тарихында Еуропа соғысы адам баласы көрмеген қиын оқиға болса, біздің қазақ жұрты үшін 1916 жыл айрықша терең із қалдырған бір тарихи жыл екеніне шүбә жоқ.

Қазақ халқының өткен дәуіріне айналып қарасақ, түрлі тарихи оқиғалар, өзгерістер бастан кешіргенін көреміз. Қазақ-қалмақтың жауласқан заманы. Ақтабан шұбырынды. Россияға бағынған шағымыз. Кенесары заманы. Қоқан заманы. 1868 жылғы жаңа заңның шығуы.

Бұлардың әрқайсысы өз тұсында толқынсыз өтпеген болса да, ала бұлттай бір тап ел жаман болса, екіншісі аман болып, үш жүздің баласына шалығын теріс тигізе алған емес.

1916 жылдың оқиғасы өзгеше болды. Айдап өргізіп, иіріп жусатып күнелткен төрт түлік малына қатерлі, он екі жылда бір айналып, көбінесе тегін кетпейтін сұм қоянды аман өткізіп, байдың баласының пейілі кеңіп, байға жарлы теңеліп, жайлауында жадырап, өзінше өзінен бақытты жұртты білмей рақат ғұмыр өткізіп, тып-тыныш жатқанында өрттен шошынып оянғандай бір күйге ұшырады халық... Халқын бір уыс қылды, кең дүниесін тарылтты. Жүрегіне найзадай тиді.

«Солдатқа алмайды, жұмысқа шақырады» деушілерді жау көрді, ешкімге сенбеді.

«Солдатқа алмаймын деген ақ патшаның уағдасы бар» дегеннен басқаны білмейді.

«25 июнь жарлығы» патшаныкі емес, бер жағындағылардың қулығы» деп шүбәланды.

«Бізді сатып жүрген осылар» деп, бірлі-жарымды болыстарын өлтіріп жібергендер де болды.

Ел арасына қысқа күнде қырық түрлі хабар тарайды. Қорқыныш күннен-күнге ұлғайды. Әулиеге ат айтты, қорасанға қой айтты. Сауысқан, қарға тойынды. «Солдатқа алмайтын болыпты» деп өтірік сүйінші сұрағандар олжаға батты. «Сенің де балаң алынады» дегенді естіген шал-кемпірлердің ішінен жүрегі жарылып өлгендер де болды. Жұрт сендей соғылды. Түнде

ұйқыдан, күндіз күлкіден айырылды. «Әне келеді, міне жетеді» деп өлім жазасына бұйырылған үкімнің орнына келуін күткен тұтқындай болып жүрді.

Патша жарлығы хақ. Бұл сұрапыл соғыстан басына ауырлық келген жалғыз біздің қазақ халқы емес. Жұрт ұйлығып, дағдарып, ойға-қырға шабуылдап жүргенде, 25 июнь жарлығы орындалып, жұрттың көбі ерікті-еріксіз көніп, балаларын солдатқа бере бастады.

Осындай бүліншілік себепті Түркістан уалаятына военный положение иғлан етіліп, көп адам военный сотқа берілді, бірсыпыралары атылды. Мұндай күйге ұшыраған Түркістан халқының бақытына қарай, Куропаткин Түркістанға генерал-губернатор болып сайланып, әділдікпен іс етіп, бүлікшіліктің басылуына себепкер болды. Бұл күнде Жетісу жанжалы басылды дерлік.

Қазақ облыстарының кейбір үйездерінде де Жетісудай болмаса да, шет пұшпақтап көңіліз оқиғалар болды. Егін-пішен орусыз, жиюсыз, мал бағусыз қалды. Ит пен құсқа жем болды.

Міне, қазақ халқының басына осындай аза күн туған заманда айтуға ауыз бармайтын, жазуға қалам жүрмейтін нашар істер пайда болды. Бақытсыздығымызға қарай, бұл жамандықты өзімізге өзіміз істедік. Жұрт бүлініп, босып, қырылып, көзінен қанды жасын ағызып тұрған кезде, өзіміздің қазақтан өртеніп жатқан үйдің жасауын ұрлағандай, өлгелі жатқан адамның киімін тонағандай, халықтың дағдаруын пайдаланып «кәсіпке» кірісушілер болды. Бұлар, тағы да бақытсыздығымызға қарай, ел билеген жақсылардан шықты.

25 июнь жарлығын бетке ұстап, дағдарған елді олжалану, ескі кекті қоздырып, партиялылықты қолға алып, өтірік шағым айтып, бірін-бірі жаптыру, шаптыру, тінттіру әр елде, әр жерде болды. Мұны істеушілер қарапайым адамдар емес, «бас» адамдарымыздың болуы қазақ халқының жаман жағын көрсеткендей, сүйегімізден кетпес қара таңба болды. Ғұмырында халықтың басына келмеген апаттың кезінде «жақсы» дегендерімізден мұндай хайуандық табиғат көрінуі һәм жиі көрінуі – жұрт қатарына біздің қосылсақ та, барып-барып қосыларымызды көрсетеді. Бұл – жаман белгі. Алла қайырын берсін!

Ізденушілердің бәрі болмаса да, көбі таза ниетпен емес, хайуани нәпсімен шабуылданды. Бұл сырлары осы күнде халыққа анық білінді. Олардың қандай «қамқор» екенін көңілінде сәулесі бар әрбір қазақ сезді. Халықтың берекесін қашырған прием уақытында «алып қаламын, құтқарамын» деп қамқорсынғандар – қырда атқа мінгендер, қалада орысша оқығандар. Бұлардың олжасында есеп жоқ.

Енді соңғы кезде солдатқа кеткен жігіттердің «хал-жайын біліп беремін» дегенді сылтау қылып, «кәсіпке» кіріскендер барлығы білініп тұр. Қазақты қазақтан басқа жем қылып жатқандар жөнінде қазір сөз қылудың жөні жоқ. Қазақ халқының осынша бүліншілікке ұшырауының бас есебі – надандығы. Әскерлік қызметке, солдат болсын, жұмысшы болсын, бірте-бірте бойы үйреніп, көп жылдар көндігіп барып алынбағандығы. Мұнан өзге себеп жоқ.

Патшаға қарсылықтан емес, яки қазақ жайын білмейтін кейбіреулер ойлағанша, басқа халықтардың құтыруынан да емес.

Бұл күнде алынар жігіт алынды, күйзелер шаруа күйзелді. Құдайдан қорықпаған, адамнан ұялмаған имансыздар қазақты тойғанынша жем қылды. Ақырында, олардан халық опа көрмеді. Ұл жеп жайына кетті, қыз жеп байына кетті. Енді жалғыз-ақ келешегімізді ойлау ғана қалды. Өткен жыл бізге ұмытпастай сабақ берді. Сырымызды ашты. Бұл күйде тұра берсек, мұнан кейінгі заманда тағы да осындай оқиғалар болмасына кім кепіл? Сондай заманға даярланып, тағы да осындай надандықтан бүліншілікке ұшырамас жағымызды ойлап, көрінгенге жем болмасымызды ойлап, қам қылу қалды. Күні кеше бүліншілікке ұшырап, айырылуға қимаған аяулы балалардың осы күнгі жұмысқа алынып, орыстың тілін, ғылымын білмегеннен кемшілік көріп жүргені анау.

Ендігі істейтін іс – «ізденуші», «құтқарушыларға» мұнан кейін күніміз түспейтін күйге жету үшін былайғы жасты оқыту. Өткен жылдың оқиғасы оқудың керектігін енді еске түсірмесе – қазақ халқы жұрттықтан кеткені. Бұрын «біл, оқы!» деген сөздер құрғақ насихат болып желге кетуші еді. Қазақ баласы, енді оянбасаң мәңгіге дейін ұйқың ашылмай, қараңғыда, құлдықта, тістегеннің аузында, ұстағанның қолында кеткенің.

М. Д., «Қазақ», 1917 ж., №212. // М. Дулатұлы.

*Бес томдық шығармалар
жинағы. – А., 2003 ж. 2 Т., 289-291 бб.*

ТОРҒАЙ ҮЙЕЗІ

25 июнь жарлығы тақырыпта біздің Торғай үйезінде көңілсіз оқиғалар болып, осы күнге шейін бұл ел жастарын қызметке бере алмай отыр. Үш айдан бері пошта, телеграф жүрмей, елдің хал-жайынан хабар ала алмай тұр едік. Осы ғинуар айында ғана Қостанайға Торғай елінің бірнеше ұлыстарынан кісі келгендігі хабарланып, Қостанайға барып, күзден бергі болған һәм қазірде халықтың басынан кешіп тұрған уақиғалармен анық таныстық. Толық мағлұмат алдық. Бірақ оның бәрін газетке түгел жазуға заман көтермейді. Мүмкін-қадар халыққа айтар сөзді жазып отырмын.

Ырғыз, Торғай елдері мерзімді уақытта жастарын бермеген соң, бұл екі үйезге ғаскер шықты. Ғаскер шығу, әлбетте, һүкіметке де, халыққа да қолайлы іс емес. Мемлекетіміз жаумен жағаласып жатқанда, ғаскерін өз жұртына шығарып, күшін бөледі. Мемлекетке зиянды жағы бұл. Қазаққа зиянды жағы: ғаскер шыққан соң барша шығын, ауыртпалық һәм түбінде жаманат халыққа түседі. Ел аман, жұрт тынышта да біздің зарлағанымыз осы еді. Әне-мінемен кісі беруді кешіктіріп жүргенде, елге ғаскер шығып, халықтың күйін келтірер, мұнан ешкімге пайда болмас, жұрттың обалына қаларсыңдар деп едік.

Мұнан екі жарым ай бұрын губернатор жоғарғы екі үйезге арнап приказ шығарды: 15 ғинуарға дейін кісілеріңді Торғай, Ырғыз, Шалқар

қалаларындағы комиссияға беріндер. 15 ғинуардан қалсандар, күш жұмсалады, хукімге ілінесіндер деп. Білген елге бұл ауыр бұйрық еді.

Енді 15 ғинуар өтті. Жығылғанның үстіне жұдырық, военный положение һәм ығлан етілді. Әлі күнге шейін Торғай үйезі кісі берген жоқ. Алла абырой беріп, Ырғыз қазақтары кісілерін бере бастады. Ырғыз жігіттері Орынбор арқылы дүркін-дүркін өтіп тұрады.

Торғай үйезінің бұл күнге шейін кісі бере алмай, қазақтан болмаған бір толық себебі бар болыпты. Жұрттың көбі алғашқы кезде түсінбесе де, соңғы кезде патшаның құрығынан құтыла алмасын білген соң, тыныштықпен кісі беруге айналған екен. Бірақ Торғай хакімдері (воинский начальник) прием белгіленген күннен (20 октябрь) бастап қалаға қазақ кіргізбеген. Қаладағы қазақ біткеннің бәрін абақтыға жапқан. 25 июнь жарлығы жария болғаннан бері халыққа түсіндіріп, кісі беруге үгіттеп жүрген Тосын, Шұбалаң, Аққұм елдерінің болыстарын, бас адамдарын, учительдерді, мұғалімдерді һәм қазақ шенеуіктерін де абақтыға жауып тастаған. Абақтыдан шығарғандарын да қалаға тұрғызбастан қырға айдап жіберген. Бұл күнге шейін абақтыда жатқандар бар. Приемға кісілерін әкелген елді де (Шұбалаң ұлысы) қайтарып жіберген. Сондықтан көніп отырған ел қалаға бара алмаған, қаладан далаға, даладан қалаға қазақ қатынастырмаған. Торғайға бару мүмкін болмаған соң, Қостанай үйезіне жақынырақ 1, 2-Наурызым елдерінің бас адамдары көнгендігін білдіру үшін 200-300 шақырым жерден балаларын, жақындарын Қостанайға әкеліп бере бастаған. Бірақ жұрттың бәріне қыс ішінде Қостанайға әкеліп кісі беру мүмкін емес.

Рас, Торғай үйезіне күні бүгінге дейін елдің обалына қалып, шаруасын күйзелтіп, момындарды қорқытып топ жасап жүрген бұзақы, ұры, кэззаптар бар. Бұл ешкімге жасырын емес, мұндай бұзақылардың ісін бүтін Торғай үйезінің бүліншілігі деуге болмайды.

Торғай оқиғасы туралы кешікпей военный сот болуы хақ. Оған шейін көніп отырған тыныш жұрт бұзықтардан жігін ашып, кісілерін беріп бітіруі керек. Залымның отына момын күймесін. Көнгендіктің белгісі – кісі беру. Онан басқа дауа жоқ. Торғай үйезінде болған уақиғалар тақырыпты шыққан шығын, ауырмалдық халық үстіне түспек. Патша жарлығына мойынсұнып, баласын беруге қанатын қомдап отырған момындар «алпыс күн атан болғанша, алты күн бура болып жүргендердің» кесірінен алабөтен шығынға ұшыраса, оған шаш жетпес, босып кетерсіндер!

Мінеки, осындай мал мен басқа бірдей келгелі тұрған қауіп-қатерден Торғай елі кеш те болса, сақтансын. «Жау тілегенге жасын берер» деген.

Жұртты құтқарушы бұзақылар өз жауабын өздері берер, бірақ нахақтан күйөшілер болмасын, жұрт адамдары осыны ескерсін. Торғай үйезі толықсып тұрған ел еді, құт-берекесі шайқалудан Алла сақтасын, сақтан жұрт!

Торғайға хакімдер қазақ кіргізбегендіктен, көніп отырған жұрт кісілерін бере алмай отырғандығын баяндап, тез приемный комиссия құрылуын өтініп, Қостанайға келген Тосын, Шұбалаң, 1 һәм 2-Наурызым ұлысының қазақтары 11 ғинуарда Торғай губернаторына телеграм беріп еді. Қазір біз естіп отырмыз, Тосын елі адамын беруге Торғайға келіпті. Олай болса, қалаға

қазақты жібергені. Уақыт өткізбей, әр ел тезірек кісі беру қамына кіріссін. Бұрынғыларың да жетер!

*Мадияр,
«Қазақ», 2 февраль 1917 ж., №216. // М. Дулатұлы. Бес томдық
шығармалар жинағы. – А., 2003 ж. 2 Т., 292-294 бб.*

ВОЕННОЕ ПОЛОЖЕНИЕ

1917 жыл, 20 қаңтар

Ырғыз, Торғай, Қостанай уездеріне военное положение кіргізу туралы Сенатқа берген Патша указында айтылған Министр Советінің ұсынған журналындағы Ырғыз, Торғай, Қостанай уездерінде бүтіндік, тыныштық болу үшін басқа шара істемесе болмайды деген қарарын ұнатып, әмір етемін:

1) Торғай облысының Ырғыз, Торғай, Қостанай уездері военное положениеге түскені ығлан етілсін, һәм бұл уездері воен. положениеге түскен жерлер үшін шығарылған қағидалар хукіміш жүргізілсін (закон сводының 2-ші томы, жалпы губернский мекемелер законының 23-ші статьясына қосымша болып 1892 жылы шыққан һәм 1912 жылғы заңдармен толықтырылған).

2) Бұл аталған уездер турасында Қазан военный округінің командасына военное положение заңына түскен жерлердегі әскер бастығына берілетін еркіндіктер берілсін һәм оның үстіне айрықша мемлекет бүтіндігі, тыныштығы үшін гражданский хакімдерге берілетін хукық һәм міндеттер қосылсын.

3) Қазан военное округінің командующийі өзіне берілген еркіндіктерді жоғарыда айтылған қағиданың 19-шы статьясы бойынша басқаларға беруге ықтияры болсын. Бірақ соңғысының жүргізген тәртіптерін ұнатпаса, командующий бұзатын болсын. Бұл әмір телеграфпен орнына келтірілсін делінген.

ВОЕННОЕ ПОЛОЖЕНИЕ не нәрсе екенін түсіну үшін ол положение қандай жерге, қандай шақта болатынын білу керек. Военное положениені иә соғыс майданына таяу жерге, иә хукіметке қарсы бунт шығарғанға жүргізеді. Военное положение Америка, Швейцария екеуінен басқа мемлекеттер заңының бәрінде де бар. Бірақ Россияда да, Германияда да военное положение заңы қатты. Бұл заң басында Франциядан шыққан. Военное положение кірісімен хакімшілік тәртібі соғыс заңына түседі. Жайдағы хакімдерге берілген закондар күшейіп, ғаскер хакімдерінің қолына ауады. Елдің еркі тартылады, соғысып жеңілген ел күйіне түседі, мүлік иелігі де кішірейеді, жүріп-тұру ықтияры азаяды, жәй сот ісінің көбі воен. сотқа ауады. Жаза мөлшері жайдағыдан зораяды. Жазықтылар жазығына қарай өлімге де бұйырылады. Россия воен. положениесінің кесімді срогі болмайды. Хукімет өзі керек қылған күнінде тоқтатады.

Военное положениелерге түскен жерлердің бас хакімдеріне берілетін айрықша хұқықтар да бар. Мысалы, генерал-губернатор яки оның құқы берілген адамдар қарсылық, талан-тараж, өртеу сияқты істерді жәй соттардан алып военный сотқа беруге, малды, мүлікті, жерді иесін иемдендірмей қоюға, 3 ай түрмеге жабуға, яки 3 мың штраф салуға, қай мекемелердің болса да шиновниктерін қызметінен шығаруға, қала һәм земство мекемелерін, оқу ордаларын жабуға, һәм басқа сол сияқты істерді істеуге еркі толық.

Осы еркіндігі бойынша Түркістан генерал-губернаторы Куропаткин орыс қаны төгілген жерлердің бәрі де казакқа алынады деп шығарғаны оқушыларға мәлім. Пржевальск (Қарақол) уезіндегі қырғыздар жиылып жанжал шығарып, орыстарға зақым қылған себепті жерлерінің бәрін қазынаға алып, уездерде бір қырғыз қалдырмай Нарын бөліміне аудармақшы дейді. Бізде генерал-губернатор жоқ. Оның құқы Қазан округінің командующий генерал Сандитскийге берілген.

Ырғыз, Торғай, Қостанай қазақтарының жиналғанына ырза болып, кімде де болса, маңдайларынан сипамайтыны шексіз. Қазаннан, Ырғыз, Торғай уездерінің барлығына воен.сот шығайын деп жатқан көрінеді. Военный соттының жай гражданский соттан айырылатын толып жатқан жері бар. Военный сотының жазасы күшті, ісі шапшаң. Жәй соттай следствие жасау жоқ. Тергеу, тексеру қысқа. Құрылған жерінен тысқары болса айғақтарды сұрамасқа ықтиярлы. Жазу, сызу аз. Хакімді тез орнына келтіру қажет десе, ол хұкімнің үстінен ғыриза алмасқа ықтиярлы. Воен. положение соғыс заңында болған соң, созып отыру жоқ. Ұмар-жұмар іс бітіру болады. Воен. соттың ісі қатал болатын себебі: бұл сотқа берілетін жазықты болған ғаскерлер, жаудан алынған жерлердің адамдары, военное положениеге түскен жерлердің адамдары елдері, Ырғыз, Торғай, Қостанай елдері қазір военное положениеге түскен соң, жайшылықта жәй соттың қарауына түсетін істер де енді воен. сот қарауына беріледі. Түркістанда военный сот құрылып, бүліншілік шыққан жерлерінің халқы тергеуде. Талай адам жазасын тартып та қойды.Өлімге бұйырылғандар көп болса да, Куропаткин сот хұкімін көбінесе жеңілдетіп, нағыз елді құтырып, басшылық қылғандары болмаса, басқаларын өлімнен алып қалып жатыр. Біздікі Куропаткиннен басқа оның өткенін бұл да етер деуге болмайды. Сот хұкімінен өлім қармағына ілінгендер шығып кете алмас.

Военное положениенің жәй мәнісі деп осыны айтамыз. Қанша ылаң, ауыршылық, бүліншілік! Қанша жан күйзелмек, қанша мүлік-мал шашылмақ! Алынатын жігіттер айналдыра санағанда үй басына біреуден келеді. Сол үшін жұрт мұнша бүлінер ме! Жаман туған жастар қашып басын қорғаймын деп жұртты мұнша ылаңға салғанша, жасып жерге жасаса болмай ма? Қашан айнала кемпір-шал, көптің обалына қалып қорғаған бас, сылықтаған жан неменеге тұлға болмақ. Алаңғасар, ақымақ ақсақалдар басы үшін басқасының обалын ойламаған азаматтар – жұрт обалына қалдыңдар! Аз бейнеттен қашамын деп, зор бәлеге жұртты салдыңдар!

Сау басқа сақина тілеп алғандай болды. «Тілеп алған аруға ем жоқ» деген. Бұл воен. положение жұртқа келген емі жоқ індет. Енді Ырғыз, Торғай жұрты

адамдарын тезірек беріп, тезірек воен. положениеден құтылуға ыждаһат ету. Неғұрлым адам тез берілсе, соғұрлым воен. положениенің залалы жұртқа аз тимек. Тез беріп, тез құтылу – онан басқаның дәмін татып көрдіңдер ғой.

«Қазақ» газеті, №214

АРҒЫН САРБАЗЫ

Патша билігінде қазақ еңбекшілерінің шаруашылық тұрмысы ауырлап, каналуда болады. Байлар кедейлерді қанап, езді. Болыс байдан болып, кедейдің қаналып кеңелуіне, байдың баюына жол ашты.

Еңбекші елдің тұрмысы, әсіресе 1914-1916 жылдары өте ауырлап кетті. Бұл жылдары патша соғыс қорына қосымша салық, солдаттың тамағына мал, киіз, ең ақыр аяғы самауырдың сары жезіне дейін жинатты.

Бұл шығындар байлар мен кедейге бірдей түспегендіктен еңбекші жұрт жүдей бастады. Ел осылай сасып, күйі кетіп тұрғанында 1916 жылдың июнь айы ішінде 19 бен 31 жастың арасындағы қазақ жастары соғыстың қара жұмысына алынсын деген патша жарлығы шықты. Неғыларын білмей, өзінің шаруашылық тұрмысы нашарлап тұрғанының үстіне қарымды адамдары соғыс жұмысына кететін болғанға ел өте күйзелді. Сондықтан ел болып кеңесіп, кісі бермеудің жағына шықты. Елдегі бай, болыс, ақсақал, кулар кісі беру керек, қарсы тұру қолдан келмейді деп үгіт жүргізді.

1916 жылғы ағұстың ішінде Құмкөл деген жерге бүкіл 2700 үйдің адамдары түгел жиылды. Оспан Шолақов (Арғын ішінде Жауғашар, орта шаруалы, бірбеткей ұстамды кісі еді), Ахмет Өтетілеуов (Арғын, Дәуітбай атасынан, шешен, өткір адам еді), Қасымхан Алтынсарин (Арғын Дәуітбай атасынан, кедей, ерлігі бар палуан адам) – патшаның жарлығын орындамау керек. Ел болып осы іске бірігіп кірісуіміз керек деп жұртқа жағымды сөзді айтты.

Бұлардың сөзіне (Тосынның болысы Жақып Дәуренбеков, Арғын ішінен Дәуітбай, Қасымханның жақын туысы, әкесі 40 жыл, өзі 18 жыл болыс болған адам) қарсы болады. Мұның сөзін бай, ақсақал, атқамінерлерден бірнеше адам қуаттады. Бұлар: қарсылық қылмау керек. Патша жарлығын орындау керек. Соғыс жұмысына кісі беріп, патша соғыстан аман алып қалуға қорғаушы болу керек дегенді айтты.

Жиылған ел келісе алмай екіге бөлінді; көпшілігі Оспан мен Қасымхандардың жағына шығып, жігіт бермеуді қостады. Сол арада ерегісіп Қасымхан, Оспан, Ахметтің сөзімен кедейлердің 100 қаралы жігіт жиылып барып Жақып болыстың қалтасындағы мөрін тартып алып, суға тастадық.

Танабай Сор деген жерде Жақып үш үй тігіп (бірінде өзі, біреуі қонақ үй, біреуінде кеңсе) отыратын. 100 жігіт жиылып барып Жақыптың кеңсе үйіндегі қағаз істерін өртеп жібердік. Істі далаға көтеріп шығып отқа салған – Әлмағанбет Нұрбаев.

Сөйтіп болыстың ісін өртеп, мөрін алған соң, жігіт бермеу тақырыпты патшаға дейін қуынуға екі кісі өкіл белгілеп, оған көп ортасынан расходына ақша жиып бердік. (Екеуіне 4000 сомдай ақша берілді). Бізден кеткендер: Смайыл Тоқмағанбетов (Арғын ішінде Жауашар, кедей) пен Смағұл Токин (кедей, қадірлі, өжет кісі еді). Бұлардың жанына Арғыннан бір кісі, қыпшақтан төрт кісі қосылып, жетеуі жүріп кетті.

Өкілдер жүріп кеткен соң-ақ ел олардың келуін күтпестен көтеріліске шыға бастады. Ауыл-ауылдағы ұсталар ұйымдастырылып, көтерілісшілерге қару-құрал істеле бастады. Жақсы ат, киімдерге дейін сайланды. Ауыл-ауылда жігіттер топтанып, жиылып жүрді. Бай, болыс, атқамінер, қулар күңкілдеп, теріс үгіт айтып жүрді. Бірақ еңбекші ел көпшілігі бұл патшашылардың сөзін елең қылған жоқ. Қайта күннен күнге күшейе берді.

Октябрьдің аяғында Амангелдіден Торғайды шабу үшін Ақтүбек, Ақмырзада бас қосалық деген хабар келді. Сол хабар бойынша Тосан болысының жігіттері жақсы ат мініп, ыңғайлы киім киіп, қару-құрал асынып, он кісіге бір қос алып Торғай өзенінің түбегіндегі Ақтүбекке келіп, бүкіл Тосын болысының көтерілісшілері бас қостық. Тосын болысында 4 ауылнай бар еді. Әр ауылдан 250-400 адам, жалғыз-ақ Орқаш деген жердегі 10-ауылдан жер қашықтықтан тек 40-50 шақты адам келді. Сонда барлық жиылған адамның саны 2000-дай болады. Бұл арада 10 күндей болды. Амангелді бастаған 6 болыс Қыпшақтан құрылған сарбаз 6000-7000 шақты кісі бізге 15 шақырым жерде Ақмырза көлінің түбегінде жатты. Екі жағымыз хабарласып жаттық.

Амангелдінің «өз іштеріңді басқару ісін реттеп, тәртіптеңдер» деген сөзімен Ақтүбекте Арғын көтерілісшілері өзімізге басшы етіп Шолақов Оспанды хан көтердік. Оспан Арғын ішінде Жауғашар аталасында, орта шаруалы адам еді. Мұның төрт баласы бірдей 19 бен 31-дің арасында болғандықтан, патша жарлығы бойынша соғыс қара жұмысына алынатын болады.

Оспан: «Төрт ұлымнан айырылғанша патшаға құру жасармын», – деп елді көтеріліске ұйымдастырды. Сондықтан ел бұл арада Оспанды (жасы 50 мен 60 арасында еді) қолға алған ісін аяқсыз қалдырмас, елдің басын бір ұстаса осы ұстар деген үмітпен ден қойды.

Оспанның қасына Ахмет Өтетілеуов сайланды. Сарбаз басы сардарлыққа Қасымхан Алтынсарин белгіленді (Арғын ішінде Дәуітбай, Жуан Шегеннің тұқымы, Жақып болыспен алысқан, жасынан жарлы, жалшылықта болған, ес білгеннен байға қарсы болған. Амангелдімен жолдас болып бір жүрген адам).

Бұл осы жолы халықты көтеріліске шығуға бастап, сарбаздың ұйымдастырушысы болып, Амангелдімен ақыл қосқан жігіт. Қасымхан қол астындағы 2000 кісілік сарбазын тәртіппен реттеді. Онбасы, елубасы, жүзбасы, мыңбасын белгіледі. Сарбаздың туын ұстауға – ту бегіне Баязитті (Арғын ішіндегі Дәуітбай, кедей) белгіледі. Осы Ақтүбекте жатқанымызда кісі бермеуге ізденіп кеткен өкіліміздің біреуі – Смайыл Тоқмағанбетов келді. Смайыл Мәскеуге кетті. Бірақ патшадан да жеңілдік болмысына елдің көзі жетіп, сол жиылған бетімен көтеріліске бел байлап, бет қойды.

Сарбаз алдымен Ырғыз бен Торғайдың екі арасындағы қатынасты үзуге шықты. 500-600 адам ханның жұмсауы бойынша, сардар Қасымханның өзінің бастауымен Торғай-Ырғыз арасындағы телеграф сымын қиып, бағаналарын құлатып, отқа жағып, 5 станциясын Ырғыз жағының Айжарқын хан дегеннің бастауындағы көтерілісшілер қиратты. Біз станциядағы патша адамдарын атып, ұрып, соғып, патшаның үйін, ондағы қағаз, хаттарды өртеп, бір адамды өртеп жібердік. Бірсыпырасын ұстап Торғайға жібердік. Бес бекеттен 140 мың сом ақша алдық. Оны сарбаздың сенімді кісісі Сатай Тулақұлына сақтаттық.

Торғайдан Ырғызға қарай жүрістегі бірінші бекеттің маңында отыратын Жақып болыстың туысқаны Қорғанбек байдың малын талап алдық. Үйін бұзып өртеп жібердік. Қорғанбек пен Жақыпты өлтірмекші едік, қолға түспей, қалаға қашып кетті.

Ақтүбекте жатқанымызда қаладан уез шенеуніктері Торғайға даңқы шыққан Бейіс молданы елді дін жолымен қорқытып, көндіру үшін бізге жұмсайды. Бұл Бейіс Арғынның атақты молдасы. Мұны алғаш кезде шенеуніктер қазақтан қауіптеніп тұтқынға алған. Оны тұтқыннан шығарып, бізге жіберіпті. Бейіс жанында бір кісісі бар. Ақтүбекте жатқан бізге келіп дін жолымен үгіт айтты.

Октябрьдің аяғында Амангелді бізге «Ақмырзаға келіңіз» деп хабар берді. Хабарын алысымен біздер Қасымхан, Оспанның бастауымен Ақтүбектен шығып, Ақмырзаға келдік (Торғайдың күншығысында 15-20 шақырым жер).

Амангелдінің қол астындағы алты болыс Қыпшақтан құрылған 7000 кісілік сарбаз алдымыздан шығып қарсы алды.

Амангелді Қасымханға біздің тобымызды азсынып, көңілі толмағанын айтты. Оспанды хан атағанымызды қош көрмегендей болды. Сардарымыздың Қасымхан болғанын қош алды. Сол арада Амангелді екі сарбазды қарауына алды. Сөйтіп өз сарбазында сардар болса, енді екі сарбаздың үстінен сардарбек болды.

Ақмырза көлінің түбегінде екі сарбаз 10 күндей Амангелдінің командасымен соғыс өнерін үйреніп, дайындалып жаттық. Ноябрьдің бірі күні Арғын, Қыпшақтан құрылған 10000-ға жақын көтерілісшілер Амангелді Имановтың, Қасымхан Алтынсариннің және Оспан, Әбдіғаппар хандардың бастауымен патшалық уез орталығы Торғай қаласына шабуылға аттандық. Амангелді қаланы шауып алу жөніндегі екі сарбаздың алдында тұрған міндеттерін айтып, қалай соғысып, қалай шабуыл жасау керек екенін айтты.

Біздің Арғын сарбазы қаланың күнбатысынан кіріп, күнбатыс көшені алуға аттанатын болдық. Амангелді бастаған Қыпшақ сарбазы қаланың күншығысынан кіретін болды.

Сонымен екі жағымыз екі жағынан кіріп алатын болдық. Жарым түн мерзімінде Амангелді жағының 2-3 жігіті қаланың түбіндегі қалың маяға өрт салып келді. Қалың мая өртенгенде қаланың іші, тысы жарқырап, айсыз қараңғы түн күндізгідей жарық болып кетті. Таң белгісі біліне қалаға ат қойып кірдік. Қалаға бет қойып келе жатқанымызда алдымыздан Торғай өзенінің ағаш көпірінің түбінен бір топ солдат шығып атыс жасады.

Көпірде алдымыздан қарсы шыққан солдаттарды қарсы Амангелді 60 мергеншілермен атысып, солдаттарды қуып кетті. Артынан біз де ат қойып қалаға кірдік. Көпірден өткен соң қалаға екі бөлініп кірдік. Қыпшақ күншығыс көше жағынан, Арғын күнбатыстан кірді. Алдымызда мергеншілер атысып жүр. Артында найзашы, айбалташылар тобы үй-үйге қыдырып өрт салып, қарсы шыққан адамға найза, айбалтамен қару қылды.

Соғыстың аяғы түс қайтып, кеш болғанға дейін созылды. Бірақ түс бола бергенде атыс күшейіп, шығын көбейе бастағанда, біздің жігіттер қашып, тарай бастады. Амангелді, Қасымханға толық күш болып ере алмады. Әсіресе біздің Арғын жағының жігіттері иелері босып, казармаға кіріп кеткен иесіз үйлердің жараулы мүлік-дүниелерін алуға айналып, соғысқа күш қоса алмады деп шенейді.

Түс ауғанда қалада бір аз кісімен Амангелді, онды-бесті кісімен Қасымхан ғана қалды. Біздің жігіттер түгел сыртқа шығып кетті. Оспан, Әбдіғаппар екеуіне Амангелді мен Қасымхан шыдалық деп еді, олар: «Қой, үй тегіске жақын өртенді. Атқа, адамға паналар орын жоқ. Казарманы алу қиын болар», – деп туларын көтеріп, жігіттерді ертіп қаладан шығып кетті. Амангелді, Қасымхан екеуі сыртқа шығып тұрып, қалаға екі рет ат қойып, кіріп қайтты. Жұрттың беті қалаға қайтып бұрылмады.

Сонымен кешке қарай Ақмырза алаңына барып жиылдық. Осында ертеңіне бас-аяғымызды жиып, тірі-өлі, жарақаттарымызды түгендестік. Біздің Арғын сарбазынан 15 адам өліп, 20 шамалы адам жарақатты болыпты. Қыпшақтан 20-30 адам өлген, 30-40 адам жарақаттанған. Өлгендердің бірсыпырасының сүйегі сол жерде қойылып, бірсыпырасының сүйегі ауылдарына жөнелтілді. Бұл жолы жәй қала адамдарынан 100-ге тарта адам өліп, көп адам жарақатты болыпты. Солдаттан да көп адам өліп, жарақаттаныпты. Ақмырзада тынығып, 2-3 күн жатып, Арғын, Қыпшақ сарбазы екі ажырадық.

Амангелді бізге: «Ырғыз-Шалқар жолын тосып, сол жақта жатыңдар. Шалқар, Ырғыздан келетін патша солдаттары болса, алдын тосып, соғысыңдар. Торғай дуанына жібермей қайырыңдар», – деп бұйрық берді.

Амангелділер Батпаққараға кетті. Біз Торғай өзенінің бойында жаттық. 4-5 күннен соң ноябрьдің орта шенінде Ақтөбеден шығып Шалқар, Ырғызды беттеп, Ырғыздағы Кіші жүз Айжарқын ханның сарбазын талап, патша әтрәті келе жатыр деп естіп 2000-нан аса кісі алдынан шықтық. Патша әтрәті 700 кісілік екен. Біз олармен Ақшығанақ бекетінде ұшырасып, соғыстық. Ертеңгіліктен бесінге дейін соғысып, жаудың құралы басым болған соң, оларға үлкен қайрат қыла алмай кейін шегіндік.

Торғай өзенінің оңтүстік жағымен Тосынға түсіп кеттік. Солдаттар өзенінің Солтүстік жағымен телеграмм жолын жағалап Торғайға қарай жүріп кетті. Бұл атыста бізден бір адам, бір ат шығын болады. Солдаттардан 10 шамалы адам шығын болды. Ақшығанақтан шыққан бойымен сол күні Торғайға (дуанға) таяп Дәуітбай сайындағы бірінші бекетке келіп қоныпты. Біз өзеннің оңтүстік жағымен оралып, түнделетіп, солдаттардың үстіне келдік. Келген бойымызда атыс жасадық. Біраз атысқан соң екі жағымыз

тағы шегініп кеттік. Солдаттар дуанға қарай кетті. Біз Торғай өзенінің оңтүстік жағындағы қалың қопаға быт-шыт болып тарап тығылдық.

Ертеңіне бет-бетімізге тарап, ауыл ауылымызға кеттік. Қасымхан жігіттерге: «Тарамандар, бірлігімізді жазбалық», – деп айтып еді, оған көпшілік мойын қоймайды. Бұл соғыста бізден 7 адам өлді. Солдаттар өздерінің өлген адамдарын арбаға салып алып кетті. Солдаттан 4-5 ат арба түсіріп қалдық.

Осы бірінші бекеттегі соғыстан қайтып бас қоспай, тарап кеттік. Соғыс жасамадық. Көтеріліске шықпадық. Шаруамызға айналысып жата бердік.

1917 жылғы ғинуардың бас кезінде қаладан әтрәт шығып, болыстардың берген тізімі бойынша еріксіз түрде жігіт ала бастады. Кедейлердің 19 бен 31 жас арасында жоқтары да тізімге түсіп кетті.

Тосын болысы көлемінен 180 адамды айдап әкетті. Біз ағайынды төртеуіміз де кеттік. Мен, Кәкімжан 44 жаста болсам да 19 бен 31-дің арасындағылардың ішіне қосылып бардым. Торғайда кәмесие қарады. Доктор «жасы үлкендер де ілінеді» деп справка берді. Қысқасы, Жақып, Қорғанбек, Шайқы, Зейнолла деген бір уездің құрметті адамдары отырып, қалдыр деген кісісін қалдырып, қалдырма деген кісісін қалдырмай жіберіпті.

180 адамды айдаумен Ырғызды басып Шалқарға апарды. Соғыс қара жұмысына алды. Казармасында 7 күн жатқанымызда (февральдің ішінде) патша құлап, мәнепес болған хабары естілген соң бізді қайтарды. Ауыл-ауылымызға қайтып келдік.

Ауылымызға келіп, елге қосылдық. Келсек, ауылымызға уез шенеуніктері әтрәт шығарып, «Торғай дуанын шапқандағы зиянды өндіреміз» деп малымызды, жараулы мүлкімізді талап әкетіпті. Менің бір бұзаулы сиыр, бір атымды алып кетіпті.

Дуанды шабудағы соғыста менің (Ханзада) қарыма оқ тиді. Біздің әтрәт анада қаланы шауып, кейін шыққанда ауылға қайтып кеткем. Ауылда жатқанымда Жақып болыс, Қорғанбек және басқалары дуанды шабушының басшыларының біреуі деп көрсетумен мен, Қасымхан, Оспан небәрі Тосыннан 40-50 адамды дуанға айдап тұтқынға жапты (1916 жылдың декабрінің іші). Содан 1917 жылдың март ішінде мәнепеспен босанып шықтық.

Амангелді өзі бастаған 6 болыс Қыпшақтан құралған сарбазды таратпай ұстап, неше рет патша әтрәтімен соғысып, жеңіс бермей, ақырында соғыс қара жұмысына кісі бермей қалды.

ҚР ОММ 427-қ, 1-т. 167 іс, 96-112-п. // Қаһарлы 1916 жыл. – А., 1998. Т.2, 109-115 бб. 133

Ханзада ҚАЙРАЛАПОВ, Кәкімжан СЕГІЗБАЕВ